



Қосымша білім беру мекемелеріне

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталығының 2024 жылдың 27 қараша күнгі №371 санды шығыс хатына сәйкес қосымша білім беру ұйымдарының директорлары мен директорларының орынбасарларына арналған «**Best-менеджер**» атты аудандық байқауының өткізілетіндігін хабарлайды.

Байқауға қосымша білім беру ұйымдарының директорлары, директорларының орынбасарлары қатыса алады.

Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 5 парақта

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы



М.Сванов

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел.2-14-10



«БЕКІТЕМІН»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы
М.А.Сванов

Қосымша білім беру ұйымдарының директорлары мен директорларының орынбасарларына арналған «Best-менеджер» атты аудандық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1.1.«Best-менеджер» атты аудандық байқауы туралы Ереже осы байқаудың мақсаттары мен міндеттерін және оның өткізілу тәртібін анықтайды.

1.2. Байқау басшылардың басқару тиімділігін арттыру тәсілдерін психологиялық басқарушылық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.

1.3. Байқаудың мақсаты:

Байқау қосымша білім беру ұйымындағы шығармашыл жұмыс істейтін кәсіптік біліктілігін көрсете алатын заманауи басшыларды анықтау, қолдау, мадақтау (ынталандыру) және директор, директор орынбасарының кәсіптік деңгейін көтеру мақсатында өткізіледі.

1.4. Байқаудың міндеттері:

- қосымша білім беру ұйымдарын басқарудағы озық тәжірибелерін айқындау және тарату;
- басқару әрекетіндегі инновациялық тәсілдерді қолдану;
- қосымша білім беру ұйымдарының басқару әлеуетін арттыру;
- қосымша білім беру ұйымы басшысын әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру;
- қосымша білім беру ұйымдарын басқаруды оқу-әдістемелік тұрғыдан жетілдіру;
- қосымша білім беру жүйесін дамытудағы басшылар беделін арттыру.

2. Байқауды ұйымдастырушы

2.1. Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімі

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға қосымша білім беру ұйымдарының директорлары, директорлардың орынбасарлары қатысады.

4. Байқауды өткізуді ұйымдастыру

4.1. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

1- кезең:

-18.12.2024 – 20.12.2024 ж. аралығында байқаудың әрбір қатысушысы құжаттар пакетінің электронды нұсқасын жолдауы қажет/1-қосымша/;

- байқауға ұсынылатын **«Заманауи қосымша білім беру ұйымын басқару: трендтер және келешек»** тақырыбындағы эссе жазылып, электронды нұсқасы жіберілуі міндетті.

2- кезең:

23.12.2024 ж. – **«Қосымша білім берудің заманауи бағыттары»** тақырыбында жобаны қорғау.

5. Аудандық ұйымдастыру алқасына құжаттарды ұсыну тәртібі

5.1. Байқаудың Ұйымдастыру комитетіне **2024 жылдың 18 желтоқсанына дейін** I кезеңнің мынадай құжаттарын тапсыру қажет:

- 1) Басшылықтың қолы қойылып мөрімен расталған сауалнама (№1);
- 2) «Заманауи басшы» тақырыбында эссе жазып, электронды поштаға жолодау керек;
- 3) Электронды құжаттар немесе электронды құжаттар сілтемесі abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына қабылданады;
- 4) Байқауға қатысушы электронды құжаттарды жоғарыда көрсетілген мерзімінен кешіктірмей жіберуі тиіс.

6. Аудандық байқаудың кезеңдері

I кезең

(2024 жылдың 20 желтоқсанына дейін өткізу)

6.1. I кезең – **«Заманауи қосымша білім беру ұйымын басқару: трендтер және келешек»** эссе жазу.

Эссені рәсімдеуге қойылатын талаптар: эссенің көлемі А4 форматындағы 1 беттен аспауы тиіс, аралық жол -1, қаріп – Times New Roman 14.

6.2. Эссе бағалау критерийлері:

- Байқау тақырыбына мақсатына сәйкес (10 ұпайға дейін)
- Тақырыптың толық ашылуы, мазмұндылығы және нақтылығы (10 ұпайға дейін)
- Нәтижелерін тұжырымдай және дәйектей алуы (10 ұпайға дейін)
- Шығармашылық және өздігінше ой толғай алуын білдіру (мәтінді құру тәртібі, стильдік бірлік, сөз көркемдігі мен сөз қорының молдығы және т.б.) (10 ұпайға дейін)

6.3. Басқа адамның және интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға тыйым салынады.

6.4. Байқау жұмысының титул парағында мыналар көрсетіледі:

- Автордың аты-жөні;
- Облыс, аудан, қала немесе ауыл;
- Білім беру ұйымының аталуы;
- Лауазымы;
- Байқаудың аты;
- Байланыс телефоны, электронды поштасы

6.5. Аудандық байқауға эссе **abb_gauharjan@mail.ru** электронды поштасына **18 желтоқсанына дейін қабылданады.** Уақытысынан кешіктірілген сұраныс пен эссе жұмысы қабылданбайды.

6.6. **II кезең «Қосымша білім беру ұйымының заманауи бағыттары» жобасы. Регламент 5-7 минут;**

6.7. Жобаны қорғауды бағалау критерийлері:

Байқау жобаларын бағалауда комиссия мүшелері келесі критерийларды ескереді:

- Жаңашылдығы және бірегейлігі (10 ұпайға дейін);
- Жобаны таныстырудағы ерекшелігі (10 ұпайға дейін);
- Ғылыми және әдістемелік құндылығы (ғылыми-практикалық тұрғыдан өзектілігі тұрғысынан) паркикалық мәнділігі (10 ұпайға дейін);
- Жүзеге асыру мүмкіндігі басқа жобалардан артықшылығы (10 ұпайға дейін);

6.8. Байқаудың **II кезеңі 23.12.2024 жылы өткізіледі.** Өтетін орны қосымша хабарланады. Байқау қатысушылары тіркеу формасын толтырып, жоба баяндамасын, видеопрезентациясын **2024 жылдың 20 желтоқсанға дейін abb_gauharjan@mail.ru** электрондық поштасына ұсынуы тиіс.

6.9. Баяндама рәсімдеу талаптары:

- Баяндаманың көлемі 3 беттен (А4 форматы) аспауы тиіс. Беттер нөмірленбейді.
- Жоғарғы шегі -2 см, төменгі -2см оң жағы -1,5 см, сол жағы -2 см
- Шрифт: Times New Roman, кегль -12. Қатараралық интервал – бірлік.
- Титул бетінде білім беру мекемесінің толық атауы, парақтың ортасына баяндама тақырыбы **БАС ӘРӘПТЕРМЕН** қою қаріппен жазылады, содан соң автордың аты-жөні, тегі лауазымы көрсетіледі. Төменде қала мен жыл туралы ақпарат беріледі.
- Баяндамалар қазақ, орыс тілдерінде қабылданады.
- Ұсынылған материалдардың сапасы авторлардың жауапкершілігінде. Баяндама мәтіні түпнұсқа болып саналады және өзгертілмейді. Баяндаманың рәсімделуі талапқа сәйкес болмаса, сонымен қатар байқау тақырыбына сай келмесе, ұйымдастыру комитетінің баяндамаларды қабылдамау құқы бар.
- Баяндамаға қосымша **бейнетаныстырылым (видеопрезентация)** жасалады.

7. Байқауды қорытындылау

7.1. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Әділқазылар нақты және қайта талқыланбайды.

7.2 Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталады.

8. Ұйымдастырушылық сұрақтар және байланыс ақпараттары

Мекен –жайы: Тұрар Рысқұлов аудандық білім бөлімі

ұ.т 8708 715 73 81, әдіскер Г.Ногайбаева

e-mail: abb_gauharjan@mail.ru

№	Қатысушының аты-жөні (жеке куәлік бойынша)	Ауданы	Жұмыс орны, қызметі	Байланыс телефоны